

**Өскемен қаласының өте мұқтажды және аз қамсыздандырылған азаматтарына бір жолғы материалдық көмек бөлу және төлеу тәртібі туралы Қағиданы бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының әкімдігінің 2003 жылғы 13 наурыздағы N 336 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 9 сәуірде N 1200 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 15 желтоқсандағы N 2940 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 15.12.2008 N 2940 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 14 тармақшасы негізінде дайындалған қаулысы Өскемен қалалық мәслихаттың 2003 жылғы 16 қаңтарындағы N 20/2 "2003 жылға қалалық бюджеті туралы" шешіміне сәйкес" Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өскемен қаласының өте мұқтажды және аз қамсыздандырылған азаматтарына бір жолғы материалдық көмек бөлу және төлеу туралы Қағида бекітілсін ( 1 қ о с ы м ш а ).

2. Өскемен қаласының өте мұқтажды және аз қамсыздандырылған азаматтарына бір жолғы материалдық көмек бөлу және төлеу бойынша комиссия құрылсын .

3. Халықты әлеуметтік қорғау қалалық басқармасының бастығы (А.Я. Пенькова) 10 күн мерзімі ішінде Өскемен қалалық мәслихатында бекітуге ұсыну үшін қала әкіміне белгіленген заңдар жиынтығындағы тәртіппен комиссияның жеке құрамының тізімін дайындасын.

4. Тізімге сәйкес, нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын ( 2 қ о с ы м ш а ).

5. Қаулының орындалуына бақылау қала әкімінің орынбасары Е.А. Байбатчинге жүктелсін .

Өскемен қаласының әкімі	
	Қала әкімдігінің 2003 ж. 13 наурыздағы N 336 қаулысына 1 қосымша Қала әкімдігінің

## **Өскемен қаласының өте мұқтажды және аз қамсыздандырылған азаматтарына бір жолғы материалдық көмекті бөлу және төлеу тәртібі туралы ҚАҒИДА**

### **1. Жалпы қағидалар**

1. Бір жолғы материалдық көмек Өскемен қаласының өте мұқтажды және аз қамсыздандырылған азаматтарына бір адамға жылына бір рет көрсетіледі.

2. Бір жолғы материалдық көмекті алуға Қазақстан Республикасы азаматтарының, оралмандардың, шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ Өскемен қаласында тұрақты (тіркелген) тұлғалардың құқығы бар.

3. Бір жолғы материалдық көмек халықты әлеуметтік қорғау қалалық басқармасымен қалалық бюджет қаржысынан төленеді.

### **2. Бір жолғы материалдық көмекті бөлу және төлеу тәртібі**

4. Бір жолғы материалдық көмек өте мұқтажды жалғыз тұратын аз қамсыздандырылған зейнеткерлер мен отбасыларға, кәмелеттік жасқа толмаған балалары барларға, мүгедектерге, жұмыссыздарға, сондай-ақ апат салдарынан ауыр материалдық жағдайдағы, аурудың өте ауыр түріне шалдыққан, келеңсіз жағдайға душар болған және басқа себепті ауыр материалдық жағдайдағы жанұяларға беріледі.

5. Материалдық көмек қаланың аз қамсыздандырылған азаматтарына және зейнеткерлеріне қоғамдық ұйымдардың, еңбек және соғыс ардагерлері кеңесінің, жергілікті өзін-өзі басқаратын органдардың ұсынуымен берілуі мүмкін.

6. Бір жолғы материалдық көмек төмендегі құжаттарды жинап ұсынған уақытта беріледі:

- 1) көмек көрсету туралы өтініш;
- 2) төлқұжат немесе жеке басының куәлігі;
- 3) Т С Н ;

4) азаматтың материалдық көмекке мұқтаж болуын растайтын басқа да құжаттар.

7. Әр түскен өтініш бойынша жергілікті өзін-өзі басқаратын жергілікті органдардың қызметкерлерін қатыстыра отырып өтініш жасаған азаматтың тұратын жеріне барып жанұяның әлеуметтік картасы толтырылады.

8. Төленетін материалдық көмектің мөлшері әр нақты жағдайда қалалық мәслихат сессиясының шешімімен бекітілген комиссиямен анықталады. Комиссияның материалдық көмек төлеуден бас тартуға құқы бар.

9. Көмек сұрап өтініш жазған азамат өтініште көрсетілген мекен жайдан (1 айдан астам) көп уақыт табылмаса комиссия ол азамат қайта өтініш жасаған кезде, өтініш қосымша қаралады деп шешім қабылдауға құқы бар.

10. Шұғыл жағдайларды ашып айтқанда әр түрлі меншіктегі мекемелер мен кәсіпорындардан және жеке тұлғалардан қайырымдылық көмек және қайырмалдық ретінде түскен киілген киімдермен және азық түліктермен жедел әлеуметтік көмек жасау құқы халықты әлеуметтік қорғау басқармасына беріледі.

11. Бір жолғы материалдық көмек өтініш берушімен көрсетілген мекен жай бойынша халықты әлеуметтік қорғау басқармасымен қызмет беру туралы шарт бекіткен ұйыммен жүзеге асырылады.

### 3. Жауапкершілік және бақылау

12. Өте мұқтажды және аз қамсыздандырылған азаматтарға материалдық көмекті бөлу және төлеу жауапкершілігі толығымен комиссияға жүктеледі.

13. Аз қамсыздандырылған азаматтарға бір жолғы көмек жергілікті бюджет қаржысынан бөлінген қаржыны белгілі бір мақсатқа қолдануына бақылау қаланың қаржы бөлімімен жүзеге асырылады.

	Өскемен	қаласы	әкімі
аппаратының жетекшісі			
	Қала	әкімдігінің	
	2003 ж.	13 наурыздағы	
	N 336	қаулысына 2 қосымша	
	Қала	әкімдігінің	
	2003 ж.	13 наурызда	
	N 336	қаулысымен БЕКІТІЛГЕН	

### Күші жойылған нормативтік актілер ТІЗБЕСІ

1. 2002 жылдың 12 наурызындағы N 282 "Өскемен қаласының өте мұқтажды аз қамсыздандырылған азаматтарына біржолғы материалдық көмек бөлу және төлеу тәртібі туралы" қала әкімдігінің Қаулысы (N 709, 2002 жылдың 12 наурызында "Дидар" және 2002 жылдың 12 наурызында "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

2. 2002 жылдың 14 тамызындағы N 1513 "Өрттен, табиғаттық және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан зардап шеккен азаматтарды

әлеуметтік қолдау шаралары туралы" қала әкімдігінің Қаулысы, (N 925, 2002 жылдың 12 қазанында "Дидар" және 2002 жылдың 5 қазанында "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

3. Өскемен қаласы әкімдігінің 2002 жылдың 14 тамызындағы N 1513 "Өрттен, табиғаттық және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қолдау шаралары туралы" Қаулысына толықтырулар енгізу туралы N 925 2002 жылдың 7 қарашасындағы N 2182 қала әкімдігінің Қаулысы (N 994, 2002 жылдың 30 қарашасында "Дидар" және 2002 жылдың 28 қарашасында "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

<i>Өскемен қаласы әкімі</i>
<i>апаратының жетекшісі</i>